Шағым N 25
05.03.2018 ж

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Б.Көшербайға

24.01.2018 жылы https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған 2192576-2 *«Отырар ауданы Шәуілдір ауылы Жібек жолы даңғылы бойын абаттандыру»* бойынша ұйымдарстырылған, (*ұйымдастырушы «Отырар ауданы әкімдігінің «Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі БИН 001240000118 мекен жайы: ОҚО Отырар ауданы Шәуілдір ауылы Жібек жолы көшесі 65 үй.*) конкурстың 03.03.2018 жылғы №2010826 қорытындылар туралы хаттамасына төмендегіше шағым білдіремін.

Конкурстық комиссияның дауыс беру нәтижелері бойынша, қорытындылар туралы хаттамада «Аяулы алақан» қоғамдық бірлестігін «ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" №648 бұйрығының 150-тармағының, 1)-тармақшасының 6 абзацына сәйкес еңбек және материалдық ресурстарын иелену бөлігінде сәйкес келмеу; Толықтыруда қайта қалыптастырылған конкурстық құжаттамаға 5-қосымшада еңбек және материалдық ресурстарын көрсетпеген. Автогрейдеры среднего типа, 99 кВт (135 л.с.,Бульдозеры, 79 кВт (108 л.с.), Катки дорожные самоходные гладкие, 8 т, Катки дорожные самоходныегладкие, 13 т, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 30 т, Краны на автомобильном ходу, 10 т, Краны на автомобильном ходу при работе на монтаже технологического оборудования, 10 т, Краны на автомобильном ходу, 16 т, Краны на гусеничном ходу, до 16 т, Укладчики асфальтобетона, Автомобили бортовые грузоподъемность до 5т гидравлической кран-манипуляторной установкой,грузоподъемность на максимальном вылете стрелы до 1 т, на минимальном вылете стрелы до 3 т. техникаларыжеткіліксіз. Катки дорожные самоходныегладкие, 13 т, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 30 т, Краны на автомобильном ходу при работе на монтаже технологического оборудования, 10 т, Краны на автомобильном ходу, 16 т, Краны на гусеничном ходу, до 16 т, Укладчики асфальтобетона, Автомобили бортовые грузоподъемность до 5т с гидравлической кран-манипуляторной установкой,грузоподъемность на максимальном вылете стрелы до 1 т, на минимальном вылете стрелы до 3 т. техникаларынжүргізугеруқсаты бар мамандарыжеткіліксіз. Оңғарбаев Асанды конкурстық құжаттамаға 5-қосымшада көрсетпеген, Оңғарбаев Серик Усеновичтің құжаттарын бермеген. Қызметкерлердің жеке еңбек шартына сәйкес негізгі жұмыс орны екендігі көрсетілген, ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 11-бабына сәйкес жеңімпаз болуына мүмкіндік берген анық емес ақпарат ұсынған әлеуетті өнім берушілер жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.»-деп **конкурстан заңсыз шеттеткен.**

Себебі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағиданың 85-1-тармағында:*« 85-1. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын **техникалық ерекшелікте** көрсетіледі.»*делінген.

Сондықтан**, Отырар ауданы Шәуілдір ауылы Жібек жолы даңғылы бойын абаттандыру** жұмыстары бойынша конкурстық құжаттаманың **техникалық ерекшелігінде** жұмыстарды орындау үшін материалдық және еңбек ресурстары туралы талап көзделмегендіктен (яғни тізбесі әзірленбеген), тиісті материалдық және еңбек ресурстарының растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады. Себебі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

қағидаларының, конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының Ескертпесіндегі *11-тармағына Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.*

Аталған конкурстың **техникалық ерекшелігінде** қажетті материалдық және еңбек ресурстарының **тізбесі мүлдем көрсетілмеген**.

Сметалық құжаттаманың **ресурстық сметасы негізінде** материалдық және еңбек ресурстарына ие болу туралы талап қоюға жол берілмейді.**(ҚР Қаржы министрінің түсіндірмесі қоса тіркелді)**

Жоғарыдағылардың негізінде Сізден, 2192576-2 *«Отырар ауданы Шәуілдір ауылы Жібек жолы даңғылы бойын абаттандыру»* ашық конкурсына тексеру жүргізіп,03.03.2018 жылғы №2010826 қорытындылар туралы хаттамасын заң талаптарына сәйкестендіруге ықпал етуіңізді сұранамын.

«Аяулы алақан» қоғамдық бірлестігіннің директоры **Досқара Е.Е.**